



КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІН ҚОРҒАУ:

дербес мәліметтерді таратқаны үшін берілетін жазаны күшейту – басты міндет



(Дереккөз: t.me/aqorda_resmi).

Президент жуырдағы Жолдауында Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыруды көздейтін міндет жүктегенін айтты. Бұл үшін кешенді шара қабылдау, соның ішінде киберқауіпсіздік саласында да ауқымды жұмыс атқару қажет. Жиын барысында қазіргі заманғы киберқатерлер мен оған қарсы іс-қимыл әдістері, аса маңызды ақпараттық инфрақұрылымды қорғау, киберқауіпсіздік индустриясын дамыту және кадр даярлау жүйесін жетілдіру мәселелері талқыланды.

Кеңесте Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев пен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев баяндама жасады. Президент киберқылмыспен, соның ішінде кибералаяқтықпен күрестің маңызына тоқталды. Сонымен қатар, киберқылмыстарды тергеуге қатысатын мемлекеттік органдардың құзыретін арттыру шараларына баса назар аударды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың жеке деректерін қорғауды және дербес мәліметтерді таратқаны үшін берілетін жазаны күшейтуді басты міндет ретінде атады. Сондай-ақ, киберортадағы қауіпсіздік пен жауапты әрекет қағидаттарын халыққа кеңінен түсіндіріп, алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Отырыс соңында Мемлекет басшысы стратегиялық тәуекелдерді азайтып, киберқауіпсіздік мәселелерін жүйелі түрде шешу мақсатында бірқатар шара қабылдауды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БӘРЕКЕЛДІ!

Тарихи жетістік:

ҰЛТ БАТЫРЛАРЫ

Қазақ боксшылары – әлем біріншілігінің жеңімпазы

Ұлыбританияның Ливерпуль қаласында өткен бокстан әлем чемпионаты өз мәресіне жетіп, Қазақстан құрамасы тарихи нәтижеге қол жеткізді. Отандастарымыз жалпыкомандалық есепте бірінші орынға шығып, 10 медаль еншіледі: 7 алтын, 1 күміс және 2 қола.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алтын медаль иегерлері: Алуа Балқыбекова, Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Аида Әбікеева, Наталья Богданова, Төрехан Сабырхан және Айбек Оралбай. Сондай-ақ, Назым Қызайбай күміс жүлдені, Виктория Графеева мен Елдана Тәліпова қола медальді иеленді. Әлемнің әр қиырынан келген боксшылар 4–10 қыркүйек аралығында іріктеу кезеңінде бақ сынады. Ал 12–13 қыркүйекте жартылай финалдық, 13–14 қыркүйекте финалдық бәсекелер өтті.

Жалпы есепте ел намысын қорғаған Қазақстан бокс мектебі бірінші орынға тұрақтады. Екінші орында – Өзбекстан (6 алтын, 2 күміс, 3 қола), үшінші орында – Үндістан (2 алтын, 1 күміс, 1 қола).

			MEN				WOMEN				TOTAL	
RANK	NAT	NAME	🥇	🥈	🥉	🏆	🥇	🥈	🥉	🏆	🥇	🏆
1	KAZ	Kazakhstan	4	0	0	4	6	0	0	6	7	10
2	UZB	Uzbekistan	0	0	0	0	4	0	0	4	0	4
3	IND	India	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
4	BRA	Brazil	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
5	POL	Poland	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Мемлекет басшысы бокстан Әлем чемпионатында топ жарған боксшыларды тарихи жеңісімен құттықтады. «Қазақ боксшылары әлем біріншілігінде керемет нәтиже көрсетті. Әйтсе де, алдымызда АҚШ-та өтетін Олимпиада ойындары күтіп тұр. Соған қазірден бастап дайындалу қажет. Қазақ бокс мектебінің мерейі әрдайым үстем болсын!», – деп жазды Президент Instagram парақшасында.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





ЖОЛДАУ — 2025

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

жоспары мақұлданды

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары қаралды.

Құжатты Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин таныстырды. Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары ұлттық экономиканың тұрақтылығын арттыруға, оның негізгі салалары мен мемлекеттік басқаруды цифрлық жаңғыртуға, инвестициялық ахуалды және азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған.

Жоба инвестициялық саясат және қаржы секторын дамыту, өнеркәсіптік қаңқаны нығайту, ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа серпіні, көліктік-логистикалық және туристік әлеуетті іске асыру, ТКШ және су инфрақұрылымын жаңғырту, кәсіпкерлік экономиканы дамытудың



қозғаушы күші ретінде, адами капиталды дамыту, сондай-ақ парламенттік реформаны жүргізу сияқты 8 бағыт бойынша 87 іс-шарадан тұрады.

Дауыс беру барысында жалпыұлттық жоспар жобасы бірауыздан қолдау тапты. Ұлттық экономика министрлігіне Үкімет

Аппаратымен бірлесіп, Мемлекет басшысының тиісті Жарлығының жобасын Президент Әкімшілігіне енгізу тапсырылды. Премьер-министрдің орынбасарлары ережелерге сәйкес Жоспардың жүзеге асырылуын бақылауды және үйлестіруді қамтамасыз етеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Олжас БЕКТЕНОВ:

«Біз Президенттің инвестициялық ахуалды жақсарту, негізгі салаларды жаңғырту, мемлекеттің тиімділігін арттыру және мұқтаж адамдарды әлеуметтік қамсыздандыруға бағытталған стратегиялық бастамаларын іске асыру үшін нәтижелі шаралар қабылдаймыз. Жаппай цифрлық трансформация, экономиканы жаңғырту және адам капиталын нығайту арқылы еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуіміз қажет. Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары алға қойылған барлық міндеттерге сай келеді. Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары жоспардағы іс-шаралардың сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Барлық қаржыландыру мәселелерін шұғыл шешу қажет».

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

жаңа саяси мәдениеттің бастауына жол ашқан тарихи қадам

Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде құқықтық сана мен мәдениетті орнықтыру мақсатында «Заң мен тәртіп» идеясын ұсынғанына бір жылдан асты. Осыған орай, заңгер маман, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институтының директоры, PhD докторы Бақытжан Жолдыбайұлы САПАРОВПЕН сұхбаттасқан едік.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

– 2022 жылғы конституциялық реформа құқықтық сана мен мәдениеттің қалыптасуына әсер етті ме?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2022 жылы ел тарихындағы маңызды конституциялық реформа жүзеге асты. 5 маусымда өткен республикалық референдумда азаматтар өз таңдауларын жасап, Конституцияға енгізілген өзгерістерді қолдады. Бұл – халықтың мемлекеттік шешімдер қабылдауға тікелей қатысуының айқын көрінісі әрі жаңа саяси мәдениеттің бастауына жол ашқан тарихи қадам болды.

Реформа нәтижесінде Конституцияның 33 бабына түзетулер енгізіліп, мәтіннің үштен бірі жаңартылды. Бұл – Ата Заңымыздың мазмұнының кешенді түрде жаңарғанының дәлелі. Президент Қ.Тоқаев Конституцияның 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда: «Ата Заң Қазақстанның барлық азаматының мүддесін, ұлтына, дініне қарамастан, бірдей қорғайтын әлеуметтік мемлекет ретіндегі құқықтық іргетасты қалыптастырды», – деп атап өтті. Шын мәнінде, Конституция қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың кепіліне айналды. Конституциялық реформаның құқықтық сана мен мәдениетке тигізген ық-



палы зор. Азаматтардың құқықтық жауапкершілігі артып, заңға құрмет күшейді, қоғамдық белсенділік жоғарылады. Құқықтық мәдениет жаңа деңгейге көтерілді.

ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ

– Құқықтық сананы орнықтыруда мемлекет пен азаматтың рөлі қандай?

– Мемлекет құқықтық мәдениетті қалыптастырудың негізгі қозғаушы күші болып табылады. Бұл міндет бірнеше бағытта іске асырылады:

- заң шығару арқылы – қоғамға ортақ құқықтық нормалар бекітіледі;
- білім беру жүйесі арқылы – мектептен бастап құқық негіздері үйретіледі;
- құқық қорғау органдарының қызметі арқылы – заң үстемдігі қамтамасыз етіледі;
- ақпараттық саясат арқылы – Консти-

туция мен заңдардың мәні түсіндіріледі;

- азаматтық қоғаммен әріптестік арқылы – құқықтық мәдениет нығаяды.

Алайда, құқықтық сананы орнықтыру тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың борышы. Абай атамыздың отыз жетінші қара сөзінде, «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген кесімді тұжырым бар. Заңға құрмет отбасыдан, күнделікті өмірден бастау алады.

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА

– Елімізде жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат жайлы өз ойыңызбен бөліссеңіз?

– Қазақстанда құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыруға бағытталған нақты қадамдар бар. Мектептерде 9-11-сынып оқушыларына «Құқық негіздері» пәні оқытылады, ЖОО-ларда құқықтық мәдениетке арналған курстар жүргізіледі.

Мемлекет тарапынан «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі №271-IV Заңы, «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы, «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі №200 қаулысы және тағы басқа нормативтік актілер қабылданған.

Мемлекеттік органдар цифрландыруды енгізіп, азаматтарға қолжетімді құқықтық қызмет көрсетуде (eGov, e-Salyk, e-Otinish, сот кабинеті). Жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған жобалар жүзеге асуда. Сот жү-

йесінде ашықтық пен жариялылық артып келеді.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ – САЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АЛАҢЫ

– Мемлекеттік органдар мән беруі тиіс қандай өзекті мәселелер бар?

– Атқарылар іс көп. Халық арасында заң нормаларын түсіндіруді күшейту қажет. Жастарға арналған заманауи форматтар – әлеуметтік желілер, подкасттар, интерактивті құралдар арқылы құқықтық мәдениетті дамыту маңызды. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарына деген сенімді арттыру, заң жобаларын талқылауға студенттер мен жастарды кеңінен тарту – басты міндеттердің бірі.

– Құқықтық сананы орнықтыруда білім беру мекемелерінің рөлі қандай?

– Білім беру жүйесі – құқықтық мәдениетті қалыптастырудың негізгі алаңы. Мысалы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар және өнер институты Тарих кафедрасында «Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлық», «Қаржылық сауаттылық» пәндері оқытылады. Университет көлемінде құқықтық мәдениетті қалыптастыруға арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді және де жақын арада «Заң мен тәртіп» жобасы іске асады.

Әрбір жас маман құқық пен заңға құрметпен қарағанда ғана елдің болашағы берік болмақ екенін айта кеткен жөн. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, әділетті әрі қуатты Қазақстанды құру үшін азаматтарымыз Ата Заңды құрметтеп, оның әрбір ережесін мүлтіксіз орындауы қажет.

Қазақстан Республикасының стратегиялық мақсаттарына халықтың жұмылдыратын Конституция – ел бірлігінің, тұрақтылығы мен дамуының кепілі.

Сұхбаттасқан
Пердехан ШӘМШИЕВ



ӘКІМ



FARABI HUB

Ғылым мен білім:

БАСТЫ БАСЫМДЫҚ –
ҒЫЛЫМИ ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІ НАҚТЫ ЭКОНОМИКАҒА ЕНГІЗУ

Мегаполис әкімі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі негізгі ғылыми орталықтармен, инновациялық жобалармен және кампусты дамыту жоспарымен танысты.

Шаһар басшысына Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы көрсетілді. Ауданы 5000 шаршы метр болатын бұл ғылыми-зерттеу алаңы студенттерді, зерттеушілерді және кәсіпкерлерді біріктіріп, креативті индустрия, жасанды интеллект және стартап саласындағы жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Дархан Сатыбалдының айтуынша, жастарға мүмкіндік беру мен ғылыми әзірлемелерді нақты экономикаға енгізу қаладағы басты басымдықтың бірі.

Әкім заманауи өндіріс пен жасанды интеллект технологиясына негізделген бес инновациялық платформаны қамтитын, студенттерге озық технологияларды меңгеруге және жаңа шешімдер әзірлеуге жол ашатын робототехника орталығының жұмысымен де танысты. Сондай-ақ, жаңа оқу ғимараттары құрылысына да ерекше назар аударды. Жалпы аумағы 32 000 шаршы метр болатын үш жеті қабатты ғимаратта ғылыми зертханалар, дәрісханалар мен конференц-залдар, аудиториялар, сондай-ақ демалыс пен пікірталас алаңдары қарастырылған. Қытай ғылым академиясымен бірлесіп құрылған «Қашықтан зондау технологиялары және олардың қолданылуы» атты қазақ-қытай зертханасында Орталық Азиядағы жаһандық экологиялық және климаттық өзгеріс, соның ішінде қуаңшылық, жердің тозуы, су тапшылығы мен Каспий теңізінің тартылуы сынды тақырыптар зерттелуде. Зертхананың негізгі мақсаты – қоршаған ортаның жай-күйін бағалап, келешекке болжам жасауға мүмкіндік беретін ғылыми негіз құру.

Шаһар басшысы сапары аясында Суперкомпьютер орталығына барды. Оның өнімділігі 2000 терафлопсқа тең, бұл Қазақстан мен Орталық Азияда теңдесі жоқ көрсеткіш. Сондай-ақ, ол әлемдегі ең мықты 600 суперкомпьютердің қатарына енген.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылым мен білімді дамыту үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда іргелі ғылым мен инновация тоғысып, жаңа идеялар дүниеге келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің соңғы Жолдауында жастарды қолдаудың, ғылымды дамытудың және жоғары оқу орындарының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңыздылығын ерекше атады. ҚазҰУ осы міндеттерді жүзеге асыруда көш бастап келеді», – деді Дархан Сатыбалды.

Дархан САТЫБАЛДЫ:

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

әкімдіктің сенімді серіктесі болумен қатар, шынайы қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге тиіс



Шаһар басшысының төрағалығымен өткен Қоғамдық кеңес отырысында соңғы жылдары ұйым кеңес беруші ғана емес, сонымен қатар қоғамдық бақылау мен азаматтық белсенділіктің пәрменді тетігі ретінде де өзінің тиімділігін дәлелдегеніне маңыз берілді.

Жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында тұжырымдалған міндеттерге ерекше назар аударылды. Олар – цифрландыру, жасанды интеллектті енгізу, ғылымды, туризмді,

көлікті және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту.

«Алматының Қоғамдық кеңесі бүкіл елімізге үлгі болды. Қала экологиясы мен цифрландырудан бастап, көлік пен әлеуметтік әді-

ИНВЕСТИЦИЯ

АЛМАТЫ ТАУ КЛАСТЕРІ

Орталық Азиядағы ең ірі туристік орталыққа айналады

Мегаполис әкімі Дархан Сатыбалды қала активімен кездесіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында айтылған міндеттердің орындалу барысын талқылады.

Кездесуге қала әкімдігі мен аумақтық органдардың өкілдері, сарапшылар, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңестің және Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, шығармашылық қауым және үкіметтік емес ұйымдар қатысты.

«Алматы – еліміздің ең ірі мегаполисі, ғылым мен білімнің орталығы. Сондықтан Президентіміздің стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруда, әсіресе цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті енгізуде қаламыздың рөлі айрықша», – деді Алматы қаласының әкімі. Оның айтуынша, бүгінде еліміздегі IT-қызмет нарығының 53 пайызы Алматының үлесінде. Оның көлемі – 4 трлн. теңге. Қалада Alatau Creative HUB, Farabi Hub және еліміздегі алғашқы Almaty Digital Medical Center – цифрлық медицина орталығы жұмыс істейді.

Әкім атап өткендей, басты міндеттің

бірі – инвестиция көлемін арттыру. 2030 жылға дейін Алматыда жалпы құны 3,6 трлн. теңгеден асатын 190 жоба жүзеге асырылады. Туризмді дамытуға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Негізгі жоба – Алматының тау кластері. Ол 2029 жылға қарай Орталық Азиядағы ең ірі жыл бойы жұмыс істейтін туристік орталыққа айналады. Нәтижесінде жыл сайын шамамен, 1 млн. шетелдік турист келіп, қала экономикасына 300 млрд. теңгеден астам кіріс кіргізеді. Жолдаудағы маңызды бағыттардың бірі – экология. Бұл – бірыңғай экологиялық стандарттарды енгізу, су ресурстарын үнемдеу және оларды басқаруға арналған цифрлық платформа құру. Сонымен бірге, «Таза Қазақстан» бағдарламасы ұлттық басымдық ретінде белгіленді.

Кездесу соңында Дархан Сатыбалды Мемлекет басшысы айқындаған міндеттер – баршаға ортақ мақсат екенін атап өтті. Оларды жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдардың, аумақтық құрылымдардың, ғылыми қауым мен азаматтық сектордың бірлескен іс-қимылын талап етеді. Қала активімен өткен ашық диалог нақты шешімдер әзірлеуге жол ашты.

«РАЙЫМБЕК БАТЫР
КЕСЕНЕСІ»

мемориалдық кешені

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапарымен «Райымбек батыр кесенесі» мемориалдық кешенінің құрылыс алаңына барды.

Жоба тарихи мұраны сақтауға және Қазақстанның көрнекті қолбасшысына арналған заманауи музей кеңістігін жаңартуға арналған.

Қала басшысы құрылыс-монтаж жұмыстарын қарап, аумақты абаттандыру жоспарларымен танысты. Кешенде батырлар мұражайы, бұлақ көзі, зиярат етуге келгендерге арналған үй-жайлар, әкімшілік ғимараты және құрбандық шалу орындары болады. Құрылыс аяқталғаннан кейін нысанды музей ретінде көпшілікке ұсыну үшін ғылыми тұжырымдама әзірленді, экспонаттар қорын қалыптастыру, оның ішінде XVIII ғасырдағы жауынгерлік жабдықтарды қайта құру жүргізілуде.

Дархан Сатыбалды жобаның барлық кезеңдерін сапалы әрі жедел орындаудың маңыздылығын атап өтті. «Жыл соңына дейін музей ғимаратының құрылысын және негізгі абаттандыру жұмыстарын аяқтау қажет. Материалдар сапалы, ал жұмыс уақытында орындалуға тиіс. Келесі жылдың қаңтарынан бастап экспозицияны құруды бастаған жөн. 2026 жылдың мамыр айында келушілер үшін мұражайды ашу керек», – деді әкім.

Райымбек батыр кесенесі жалпыұлттық маңызы бар нысан және Қазақстанның киелі жерлерінің картасына енгізілген. Құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталған соң кешенді музейге айналдырып, батырдың өмірі мен ерлігі туралы баяндайтын заманауи экспозиция жасау жоспарланып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

ALATAU CREATIVE HUB

қыркүйек айынан бастап тәулік бойы жұмыс кестесіне көшті

Шаһар басшысы мегаполистің мәдени инфрақұрылымын дамытуға байланысты негізгі жобалардың орындалу барысын тексерді.

Қала әкімі «Алатау» дәстүрлі өнер театрында болды. Қайта жөндеу аясында мұнда қасбетті жаңарту, тозған орындықтарды ауыстыру, өртке қарсы жабынды төсеу, сондай-ақ әртістердің өтініші бойынша сахнаны жаңғырту жоспарлануда.

Дархан Сатыбалды Alatau Creative Hub кітапханасына ерекше назар аударды. Мәдени орын тұрғындардың кітап оқитын орталығы және Алатау ауданының мәдени



алаңы мен коворкинг орталығының қызметтерін біріктіреді. Бүгінде Alatau Creative

Hub-та 25 тегін шығармашылық үйірме, мультимедиялық арт-студия және IT-зертхана

жұмыс істейді. Жыл сайын кітапханаға 430 мыңнан астам адам келеді. Биылғы жылдың қыркүйек айынан бастап кітапхана тәулік бойы жұмыс кестесіне көшті. Ерекше қажеттіліктері бар келушілер үшін жұмыс орындары аудио сигналға және брайль дисплейіне арналған бағдарламалық-аппараттық құралдармен жабдықталған, радиожиілікті сәйкестендірудің RFID-жүйесі енгізілген.

Жұмыс сапарын қорытындылаған Дархан Сатыбалды Алматының мәдени орындары қала тұрғындарының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі ретінде дамуға тиіс екенін атап өтті. «Біздің міндетіміз – тарихи ескерткіштерді сақтап қана қоймай, тұрғындар мен жастар үшін жаңа мәдени мүмкіндіктер ашатын заманауи сәулет ортасын құру», – деді әкім.



САРАПТАМА

Бексұлтан ЫСҚАҚОВ,
сарапшы:



Аймақтағы технологиялық орталыққа
айналу – маңызды бағдар

Жолдауды бастан-аяқ тыңдадым және байқағаным – Мемлекет басшысы ең көп айтқан ұғымдар «жасанды интеллект» пен «цифрлық технология» болды. Бұл тегін емес. Бүгінгі таңда қай саланы алсақ та, дамудың кілті – цифрландыру мен ЖИ. Олар ашықтықты арттырады, әділдік принциптерін нығайтады, көлеңкелі экономиканы қысқартуға мүмкіндік береді. Ең бастысы – жемқорлықтың алдын алып, процестерді автоматтандырып, бюрократияны азайтады және уақытты үнемдейді.

Әлем қазір цифрландыру дәуіріне аяқ басты. Жаһандық геосаяси ахуал да күрделі: кім жасанды интеллектіні меңгерсе, сол ел әскери, экономикалық және технологиялық артықшылыққа ие болып отыр. Мемлекет басшысы атап өткендей, ЖИ тіпті қару-жарақ өндірісіне де қолданылып жатыр. Бұл – бізге ескерту: егер дер кезінде цифрлық технологияны игермесек, өркениеттер көшінде тағы да артта қалуымыз мүмкін.

Президент алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды «жаппай цифрландыруды» басты міндет етіп қойды, жаңа Цифрлық кодексті қабылдау қажеттігін айтты. Сондай-ақ, мектеп бағдарламасына жасанды интеллект негіздері пәнін енгізу бастамасы – болашақ ұрпақты жаңа дәуірге дайындаудың стратегиялық қадамы. Егер жас ұрпақ заман талабына бейім болмаса, даму мүмкіндігінен айырыламыз.

Бүгінде Қазақстан Орта Азиядағы ең ірі суперкомпьютерлік инфрақұрылымды іске қосты. Бұл тек деректерді сақтаумен шектелмей, жасанды интеллектіні үйретуге, күрделі ғылыми есептерді шешуге, климаттық модельдеулер мен мұнай-газ саласындағы 3D зерттеулерді жеделдетуге мүмкіндік береді. Ең маңыздысы – деректер елімізде сақталып, цифрлық егемендігіміз нығаяды. Ұсыныс берер болсам, 2027 жылға қарай жасанды интеллект пен цифрлық экономиканың ЖІӨ-дегі үлесін 7-8%-ға жеткізуді мақсат ету керек дер едім. Жыл сайын кемінде 10 мың ІТ және ЖИ маманын даярлау бағдарламасын қабылдап, аймақтарда Big Data мен ЖИ хабтарын құруды ұсынамын. Сол арқылы Қазақстанды аймақтағы технологиялық орталыққа айналдыра аламыз. Бұл – тек технологиялық емес, экономикалық, әлеуметтік және ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан кезек күттірмейтін міндет. Егер осы бағытты жүйелі түрде дамытсақ, Қазақстан алдағы жылдары барлық салада сапалы серпіліс жасайды.

Құқықтық сүзгі өте қатаң болуы шарт

Мемлекет басшысының «барлық заңсыз активтерді елге қайтарып, халық игілігіне жұмсау керек» деген бастамасы – өте құптарлық қадам. Енді комитеттің атауы өзгеріп, «Инвесторлар құқығын қорғау комитеті» деп аталуына келсек, мұнда бірқатар тәуекелдер бар. Ақшасын офшорда ұстап, заңсыз иеленген кейбір тұлғалар ертең «инвестор» ретінде қайта оралып, өз құқықтарын қорғауды талап етіп жүрмесіне кім кепіл? Сондықтан бұл бағытта құқықтық сүзгі өте қатаң болуы тиіс.

Соңғы жылдары бюджеттік тапшылық байқалады. Болашақ ұрпаққа арналған Ұлттық қордың қаржысына да жыл сайын жүгініп отырмыз, ол да азая бастады. Мұндай жағдайда, әрине, шетелдік инвестиция тарту – экономиканың басым бағыттарының бірі. Бірақ шетел былай тұрсын, өзіміздің еліміздегі капитал иелері де экономикаға ақша салуға қорқып отыр. Бұл – Үкіметтің тікелей жұмысы: олар ішкі инвесторларды ынталандырудың нақты тетіктерін жасауы керек. Әйтпесе, қаншама қаржы шетелдік банктерде қатып тұр, ал экономика ішінде жұмыс істемейді. Бұдан бөлек, біз сырттан заңсыз активтерді қайтарғанымызбен, егер ел ішіндегі экономикалық, салықтық, құқықтық орта тұрақты болмаса, бұл процесс «тесік шелекке су құйғандай» болады – бір жағынан ақша келіп жатса, екінші жағынан қайта шығып кетеді. Сондықтан тек активтерді қайтарып қана қоймай, капиталдың одан әрі сыртқа кетпеуін қамтамасыз ететін жүйелі шаралар қабылдау – стратегиялық міндет. Инвестиция тарту – ел экономикасы үшін аса маңызды.

ӨНДІРІС БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУЫ ТИІС

Ол үшін кәсіпкерлерімізге көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары жүйелі болуы керек

Мемлекет басшысы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Президент жасанды интеллект, жаңа экономикалық мүмкіндіктер, халықтың әл-ауқатын жақсарту бағыттарына айрықша маңыз берді.

Мемлекет басшысы да биылғы Жолдауында инвестиция тартуды бірінші кезектегі мәселе ретінде атады. Әкімдердің жұмысы да енді тікелей инвестор тартумен бағаланатын болды. Салықтық жеңілдіктер де қарастырылмақ. Бұл қадамдарға толық қосыламын. Бірақ ең алдымен өзіміздің заңсыз шығарылған активтерімізді толық елге қайтарып, ішкі нарыққа құюымыз қажет. Сонда ғана сырттан келген жаңа инвестицияларға берік іргетас қаланады.

Бір орталықтан үйлестірген жөн

Біз экономиканы әртараптандыруды қарқынды жүргізіп, жаңа өндірістерді белсенді ашуымыз қажет. Оның үстіне, бұл өндірістер ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Ол үшін кәсіпкерлерімізге көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары жүйелі болуы керек. Қазіргі таңда қолдау шаралары мен үйлестіру жұмыстары шашыраңқы, әр түрлі институттардың құзырында. Бұл кәсіпкерлерді әбден шатастырады. Президент Жолдауында бұл мәселені сынға алып, осы саланы бір орталықтан үйлестіру қажеттігін айтты.

Бұл – бірінші кезектегі маңызды мәселе. Екінші мәселе – отандық өндірушілерді қорғау. Біз Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесіміз, ортақ нарығымыз бар. Оның үстіне, Қытаймен шекара ашылғалы бері елге арзан импорт ағылып келуде. Бұл біздің өндірушілерді қиын жағдайға қалдырып отыр. Кейбір кәсіпорындар банкрот болудың алдында тұр. Осы тұста мемлекет отандық кәсіпорындарды қалай қорғайды деген сұрақ туындайды. Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі арнайы тізім (реестр) әзірлегенін естіген едім. Енді сол тізімге енген кәсіпорындарға қандай нақты қолдау көрсетіліп жатыр? Импорттық тауарларға тарифтік шектеулер, квоталар қойыла ма? Міне, осындай протекционистік шаралар біз үшін өзекті. Егер біз өз өндірісімізді қорғамасақ, қолдамасақ – өңдеу өнеркәсібін дамыта алмаймыз. Сонда біз баяғы шикізаттық модельден ары аса алмаймыз.

Ашықтық пен әділдік қажет

Азық-түлік бағасының тұрақсыздығы – қазір ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі. Бізде көбіне нарықтағы бағаны тек шектеумен айналысады, бірақ мәселенің түбіне терең үңілмейді. Бағаны тұрақтандыру үшін ішкі нарықты толыққанды отандық өніммен қамтамасыз ету, фермерлерді қолжетімді несие мен субсидиялармен қамту, өнімді сақтау және жеткізу инфрақұрылымын дамыту қажет. Сонда ғана баға тұрақтылығы ұзақ мерзімді сипат алады. Коммуналдық тарифтер мәселесіне келсек, мұнда ашықтық пен әділдік қажет. Халық нақты қандай қызметке қанша төлеп отырғанын білуі тиіс. Энергия тиімділігін арттырып, шығындарды азайту арқылы тарифтердің негізсіз өсуін тежеуге болады.

Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтарға мақсатты субсидиялар берудің тиімді тетіктерін күшейту керек. Ал баспана мәселесі – ең үлкен әлеуметтік сұраныс. Бүгінде жас отбасылар, жас мамандар, әсіресе, мегаполистерде баспанаға қол жеткізе алмай қиналады. Сондықтан тұрғын үй бағдарламаларының тиімділігін арттырып, жеңілдетілген ипотекалық несиелерді кеңейту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы қолжетімді үйлер салуды жеделдету керек. Жәй ғана көп үй салып қою жеткіліксіз – олардың сапасы, инженерлік инфрақұрылымы, қолжетімділігі де талапқа сай болуы қажет.

Яғни бұл салаларға реформа жасау – жәй ғана экономикалық шара емес, қоғамның сенімін арттыратын, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды қадам. Халық тұрмысы түзелмей, экономика толыққанды дамымайды. Бұл – әлемдік тәжірибе дәлелдеген шындық. Егер халықтың күнделікті қажеттіліктері қолжетімді әрі тұрақты болса, тұтынушылық сұраныс артады, бизнес дамиды, салық түсімі көбейеді. Бұл – экономикаға жан бітіретін ең тиімді механизм.

**Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Гүлжайнат ӨСТЕМІРҚЫЗЫ,
Алматы қаласы,
Наурызбай ауданы,
№36 емхана басшысы:

Цифрлық серпіліс – денсаулық сақтау саласының жаңа тынысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы – уақыттың талабынан туған стратегиялық құжат. Әсіресе, денсаулық сақтау саласының өкілі ретінде мен Президенттің цифрлық трансформацияға басымдық беруін ерекше қуанышпен қабылдадым. Өйткені, бүгінгі күні сапалы медицина – озық технологиямен, жаңа мүмкіндіктермен және жасанды интеллектпен тікелей байланысты.

Жолдауда айтылған «цифрлық теңсіздікті жою» міндеті – қоғам үшін ғана емес, әрбір дәрігер үшін де аса маңызды. Біз науқастың жай-күйін жылдам анықтау, дерттің алдын алу және емдеудің тиімді жолдарын табу үшін заманауи цифрлық шешімдерге мұқтажбыз. Мысалы, жасанды интеллект медициналық деректерді талдап, диагностика сапасын арттыруға, уақыт үнемдеуге және адами фактордан туындайтын қателіктерді азайтуға көмектеседі. Бұл – медицинадағы жаңа дәуірдің бастамасы.

Президентіміздің «Білім мен ғылымды технологиялық серпіліспен ұштастыру» жөніндегі тұжырымы да біз үшін бағдаршам іспетті. Жаңа буын дәрігерлері цифрлық сауатты, деректерді талдай білетін, технологияны игерген маман болуы шарт. Осы орайда, жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін меңгеру – тек ІТ-мамандардың емес, дәрігерлердің де күнделікті қажеттілігіне айналмақ.

Еліміздің алдағы даму бағыты айқын: цифрлық технология – ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторы. Біз осы өзгерістерге бейімделіп қана қоймай, оны медицинадағы адам өмірін сақтау мен денсаулықты нығайту ісінде тиімді қолдануға тиіспіз.

Сондықтан 36 емхана ұжымы Мемлекет басшысының бастамаларын толық қолдайды. Жасанды интеллект дәуірінде денсаулық сақтау саласы жаңа белеске көтеріліп, халықтың өмір сапасын жақсартуға бар күш-жігерімізді жұмсауға дайынбыз.



МЕМОРАНДУМ

СТУДЕНТТЕР АССАМБЛЕЯСЫ

достық пен бірлік алаңы



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлт-тық университетінде Қазақстан халқы студенттер ассамблеясының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шара аясында Қазақстан халқы студенттер ассамблеясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясы арасында ынтымақтас-тық туралы меморандумға қол қойылды. Салтанатты жиында Қазақстан Респуб-ликасы Президенті Әкімшілігінің Қазақ-

стан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов бұл оқиға-ның маңызына тоқталды: «Студенттік ас-самблеяның құрылуы – жастар арасында-ғы достық пен өзара түсіністікті нығайтуда маңызды қадам. Жаңа бастамалар ұлтаралық диалогты дамытуға, толерантты-лық мәдениетін қалыптастыруға және елдің болашағы үшін жауапкершілік сезімін арттыруға арналған алаңға айна-лады деп сенеміз», – деді ол.

Іс-шара соңында Марат Әзілханов университеттің қоғамдық және білім беру өміріне белсене араласқан оқытушылар мен студенттерді марапаттады.

Қазақстан халқы студенттер ассам-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тимур ЖҰМЫРБАЕВ,
«Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

ЖАСТАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ МҮМКІНДІК

Бүгінгі таңда Студенттік ассамблея құрамына 100 студент кірді, бірақ бұл тізім алдағы уақытта толығырақ. Студенттер үшін бұл – ауқымды қоғамдық жобаларға қатысуға, өз бастамаларын жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік. Ашылу салтанатының Алматыда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де өтуі де ерекше мәнге ие. Алматы – жас-тар қаласы, ал ҚазҰУ – еліміздегі ең үздік жоғары оқу орындарының бірі.

блеясының ашылуы ел жастары үшін ай-рықша маңызға ие. Өйткені, мұндай жаңа құрылым белсенді студенттердің басын

қосып, өзара диалог орнатуға, ортақ жо-баларды жүзеге асыруға мүмкіндік бе-ретін үлкен алаңға айналмақ.

ЭКОАКЦИЯ

«Алматы – біздің ортақ үйіміз»:

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ

қоқыс тастамаудан басталады

Медеу және Жетісу ауданда-рында қала күніне орай және «Таза Қазақстан» экоакциясы аясында кең ауқымды сенбіліктер ұйымдасты-рылды.

Дана
САДЫРҚАНҰРПАҚҚА ҮЛГІ БОЛАР ТӘРБИЕНІҢ
НАҚТЫ КӨРІНІСІ

Медеу ауданында өткен іс-шараға аудан әкімдігі мен мемлекеттік мекемелер өкілдері, мектептер мен жоғары оқу орындарының ұжымдары, кәсіпкерлер мен ерікті тұрғындар белсене атсалысты. Сенбілікке 1300-ден аса адам қаты-сып, 46 техника жұмылдырылды. Басты мақсат – қаланың экологиялық жағдайын жақсарту, тұрғындардың қоршаған орта-ға деген жауапкершілігін арттыру және аудан аумағын таза әрі жайлы ету. Экоак-ция барысында саябақтар, аулалар, көше-лер мен қоғамдық орындар қоқыстан тазартылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Медеу ауданы әкімі аппаратының Коммуналдық шаруашылық бөлім бас-шысы Абай Ардақұлы қала тазалығы қо-қыс тастамаудан басталатынын жеткізді.

– Бүгінгі сенбілік белсенді түрде өтіп жатыр. Барлық мердігер ұйымдар, жас-тар, аппарат қызметкерлері ауданның та-залығы үшін атсалысуда. Бір уақытта 20

локацияда сенбілік өтіп жатыр. Қала тұр-ғындарына тазалықты сақтап, бірлесе жұмыс істеу керек екенін жеткізім келеді. Бәріміз қаламыздың тазалығы үшін жауап-тымыз. Мұндай сенбіліктер тек аумақты тазартумен шектелмейді, олар адамдарды біріктіріп, ортақ мүдде жолында күш жұм-сауға үйретеді. Айналаға қоқыс тастамай, тазалықты бірге сақтайық, – деді бөлім басшысы.

Аудан тұрғындары мен ұйым өкілдері де бұл бастаманы қолдап, болашақта да мұндай шаралардың жиі ұйымдастыры-луын қолдайтындарын жеткізді.

– Осындай сенбіліктердің өтуін тікелей қадағалап отырған қала әкімі Дархан Сатыбалдыға алғыс айтамын. Қаламыз өркендеп, көркейе берсін. Жаз бойы әр сенбі сайын ұйымдастырылатын сенбілік-ке әртүрлі компаниялар мен колледж сту-денттері белсенді қатысады, – деді аудан тұрғыны Амантай Бакуов.

Медеу ауданында өтетін мұндай эко-логиялық акциялар – қала мәдениетін көтерудің, ұрпаққа үлгі боларлық тәр-биенің нақты көрінісі. Алдағы уақытта да сенбіліктер өз жалғасын тауып, Алматыны одан әрі көркейтуге бағытталған игі іс-тердің арқауына айналмақ.

«БІЗДІ ОРТАҚ МҮДДЕ БІРІКТІРЕДІ»

Жетісу ауданында да «Таза Қазақстан» акциясы аясында жалпықалалық сенбілік өтті. Есентай өзенінің жағалауында, «Көк-майса» шағынауданының артқы аумағын-дағы тазарту жұмыстарына 300-ге жуық



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

адам қатысты. Олардың қатарында қоғам белсенділері, еріктілер, комьюнити-орта-лықтың жастары және аудан тұрғындары болды. Қоқыс шығару үшін 30 арнайы техника жұмылдырылды. Сенбілік бастал-мас бұрын қатысушыларға күрек, тырма, қолғап және қаптар дайындалды.

– Қазір «Таза Қазақстан» акциясы ая-сында аудандық сенбілік өтіп жатыр. Ак-цияның негізгі мақсаты – адамдарға таза-лық әрқайсысымыздан басталатынын жеткізу. Мегаполистің әрбір тұрғыны қала тазалығын сақтауы тиіс, себебі Алматы – біздің ортақ үйіміз. Бізді ортақ мүдде біріктіреді, – деп атап өтті Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Данияр Әлкебайұлы.

Өз кезегінде Жетісу ауданының «Бел-сенді ұзақ өмір сүру» орталығының дирек-торы Гүлжазира Дүйсенова Алматыда өткізіліп жатқан сенбіліктердің маңызды-лығына тоқталды:

– Бұл – біздің ортақ үйіміз, оны таза ұстап, келер ұрпаққа аманаттауымыз керек. Біз сенбіліктерге апта сайын қатыса-мыз, тек орталық қызметкерлері ғана емес, зейнеткерлеріміз де келеді, – дейді ол.

Мұндай игі іс-шаралар қала тұрғын-дарын біріктіріп қана қоймай, әрбір адам-ның Алматының тазалығы мен көркеюіне қосар жеке үлесінің маңыздылығының айқын көрінісі.

Тарихи жетістік:

ҰЛТ БАТЫРЛАРЫ

Қазақ боксшылары – әлем біріншілігінің жеңімпазы

(Басы 1-бетте)

Қазақ боксы тарихында тұңғыш рет ағайынды қос спортшы әлем чемпионы атанды. 70 келі салмақта сынға түскен 19 жасар Төрехан Сабырхан финалда жапондық мықты боксшы Севон Оказаваны айқын басымдықпен жеңді. Осылайша ол қазақ боксы тарихындағы ең жас әлем чемпионы атанды. Одан бөлек, тарихта тұңғыш рет ағайынды боксшылар – Махмұд және Төрехан Сабырхандар бір әлем чемпионатында топ жарғанын айта кеткен жөн.

«ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК»
– Қос шәкіртімнің табандылығы мен еңбегінің арқасында осындай үлкен жетістікке жетіп жатырмыз. Ағайынды

Сабырхандар әлем чемпионатының алтын медалін жеңіп алып, еліміздің атын күллі әлемге танытты. Бұл – бапкер ретінде мен үшін де, жалпы еліміз үшін де үлкен мақтаныш. Қазақ елінің намысын қорғау – үлкен жауапкершілік. Әсіресе, ағайынды екі боксшыны бірдей дайындау оңай емес. Бұл жерде тек спорттық дайындық қана емес, психологиялық тұрақтылық, тәрбие мен тәртіп те қатар жүреді. Жауапкершіліктің жүгі ауыр, бірақ біз бұл жолда аянбай еңбек етіп келеміз.

Біздің басты мақсатымыз – Олимпиада. Алдымызда үлкен сын тұр. Ол жерде де осы жетістігімізді қайталап, Қазақстанды тағы бір мәрте қуантқымыз келеді. Қазақтың Көк байрағын биікте желбірету – әрбір спортшы мен бапкердің арманы. Сол арманға жету жолында біз бар күш-жігерімізді саламыз, – дейді ағайынды Сабырхандардың жеке бапкері Ілияс Оралбеков.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Елдос САЙДАЛИН,
Бокстан қыздар құрамасының бас бапкері:

БҮКІЛ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖЕҢІСІ

Бір жылдың ішінде Қазақстан құрамасы екі бірдей әлем чемпионатына қатысып, екеуін де сәтті аяқтады. Қыздарымыз қос додада да Көк Туымызды биікке көтеріп, елдің абыройын асқақтатты. Әлемдік ареналарда Қазақстанның Әнұраны бірнеше мәрте шырқалып, спортшыларымыздың қажырлы еңбегі мен жеңіске деген жігері айқын көрінді. Осы жетістік ұлттық құраманың жоғары деңгейін, жүйелі спортшылардың жүйелі дайындығының дәлелі деп білеміз.

Бұл жеңіс – тек біздің емес, бүкіл қазақ елінің жеңісі. Бізге жанкүйер болып, қолдау көрсеткен барша жұртқа алғыс айтамын. Ел мүддесі болғаннан кейін жеңіс те ортақ. Біздің құрамада екі дүркін әлем чемпионы атанған спортшылар бар. Сонымен бірге, су жаңа әлем чемпиондары да қосылып жатыр. Ең бастысы, бізде әлемдегі ең мықты капитан бар. Бұл жеңіс – бүкіл команданың еңбегі мен ауызбіршілігінің нәтижесі.

ДЗЮДО

Азия чемпионаты:

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР ҚҰРАМАСЫ

12 медаль жеңіп алды



Отандастарымыз Индонезия астанасы Джакарта қаласында өткен құрлықтық додада 1 алтын, 4 күміс және 7 қола алды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Ел құрамасынан Іңкәр Құралбай (48 келі) чемпион атанса, Қайрат Жеңісулы (60 келі), Сапарғали Салхан (81 келі), Егор Раков (90 келі), Шынар Бітімбай (70 келі) күміс, Ерасыл Ержанов (66 келі), Ернар Кеңесхан (73 келі), Ерасыл Нұртаза (100 келі), Бейбарыс Сұлтан (100 келіден жоғары), Сара Шугаева (52 келі), Томирис Ер-

ғали (78 келі), Көркем Бақытбек (78 келіден жоғары) қола жүлдегер болды.

Айта кететін жайт, дзюдодан Қазақстан жасөспірімдер құрамасы Азия чемпионатында 2 алтын, 4 күміс және 8 қола жүлдемен жалпы медаль кестесінде 3-ші орынға жайғасты. Інжу Жұмажан (57 келі), Фархат Зейнолла (50 келі) чемпион атанса, Тоғжан Төлебай (70 келіден жоғары), Бекнұр Амангелді (55 келі), Таңжарық Момынтай (60 келі), Заманбек Бақтығали (66 келі) күміс медаль алды. Сондай-ақ, Әбіш Пердалы (50 келі), Аслан Ерғалиев (55 келі), Зере Талғатқызы (40 келі), Аяжан Ринатқызы (48 келі) және Жанайым Маратбек (52 келі), Ерасыл Болатбек (81 келі), Ұлдана Қожаназарова (70 келі), Ердаулет Жұмабай (90 келі) қола жүлдегер атанды.

World Boxing Championships					
Medal table					
					Total
1.	 KAZAKHSTAN	7	1	2	10
2.	 UZBEKISTAN	6	2	3	11
3.	 INDIA	2	1	1	4
4.	 BRAZIL	1	3		4
5.	 POLAND	1	2		3
6.	 AUSTRALIA	1	1	1	3
7.	 IRELAND	1		2	3
8.	 CHINESE TAPEI	1		1	2
9.	 ENGLAND		2	3	5
10.	 TURKIYE		2	1	3
11.	 JAPAN		1	2	3
12.	 BULGARIA		1	1	2
12.	 SPAIN		1	1	2
14.	 MONGOLIA		1	1	2
14.	 FRANCE		1		1

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ

АЛМАТЫ ЦИРКІ

үздік атанды

Қазақ мемлекеттік циркі Санкт-Петербург пен Мәскеуде өткен беделді халықаралық цирк фестивальдерінде қос бірдей жүлдеге ие болып, әлемдік аренада еліміздің атын абыроймен қорғады.



2025 жылғы 11–14 қыркүйек аралығында Санкт-Петербургтегі әйгілі Чинизелли цирк аренасында өткен «Без границ» IV Халықаралық цирк өнері фестиваліне 20 елден 170-тен астам әртіс қатысты. Қазақстан атынан фестивальге қатысқан Қазақ мемлекеттік циркінің «Хассак» тобы (жетекшісі – Адлет Тиканов) өз өнерімен көрермен мен халықаралық қазылар алқасын тәнті етті. Олардың қойылымы – 180 келі тартатын үш адамды мандайымен көтеріп, көпірлі баспалдақпен алып өтетін эквилибр трюгі – көрермен мен қазылар алқасын таңқалдырған нағыз сенсацияға айналды. Бұл трюктің дүние жүзінде баламасы жоқ және ол Almaty Circus Festival-де ресми рекорд ретінде тіркелген. Фестиваль қорытындысында «Хассак» тобы алтын жүлдені жеңіп алды.

Сонымен қатар, Қазақстан циркі үшін тағы бір мәртебелі оқиға – Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Маратбекұлы аталмыш фестивальде халықаралық қазылар алқасының мүшесі ретінде шақырылып, еліміздің цирк өнерінің кәсіби өкілі ретінде бағаланды.

Сол күндері Мәскеуде, Цветной бульвардағы Никулин атындағы циркте, тағы бір маңызды шара – «АРТИСТ» III Халықаралық цирк фестивалі өтті. Оған әлемнің 18 елінен үздік өнерпаздар қатысты. Қазақстан атынан Алматы циркінің әртісі Таисия Демидова өнер көрсетті. Оның есімі әлемдік сахналарда кеңінен танымал. Таисияның жетістіктерінің қатарында – Монте-Карлодағы халықаралық фестивальдің алтын медалі, «Идол» фестивалінің Гран-приі және басқа да беделді марапаттар бар. Мәскеуде өткен фестивальде Таисия тағы да жоғары кәсіби деңгейін дәлелдеп, қола жүлдеге ие болды. Бұл жеңіс – оның отандық цирк өнеріндегі биік орнын тағы да айқындады.

Қазақ мемлекеттік циркі – еліміздің мәдени саласындағы беткеуістар ұжымдардың бірі. Цирк әртістерінің халықаралық байқаулардағы табысы – Қазақстан цирк өнерінің жоғары деңгейде дамып келе жатқанын, әрі қазақстандық цирк мектебінің әлем сахнасында лайықты орын алатынын дәлелдейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ОТБАСЫ КҮНІ

ОТБАСЫ – ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМ

Мейірім мен қамқорлық, азаматтық жауапкершілік – мызғымас құндылықтар



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Отбасы күнімен құттықтап, бұл – ұлтымызды мейірім мен қамқорлық, өзара қолдау мен азаматтық жауапкершілік сияқты мызғымас құндылықтар аясында ұйыстыратын тамаша мереке екенін атап өтті.

«Отбасы – халқымыз үшін қасиетті ұғым. Әр адам, ең алдымен, өзінің қастерлі шаңырағында тұлға ретінде қалыптасады, үлгі-өнеге алып, нағыз азаматқа тән игі қасиеттерді бойына сіңіреді.

Отбасында көрген тәлім-тәрбиенің арқасында елімізде отаншыл, еңбекқор, білімді және мәдениетті ұрпақ өсіп шығады. Сондықтан біз бәріміз бір ел болып халқымыздың салт-дәстүрі мен қазіргі замандағы озық көзқарасы үйлесім тапқан отбасы құндылықтарын сақтап, оны нығайтып, жан-жақты насихаттауымыз керек. Жарық өмір сыйлаған ата-аналарымызға зор құрметпен қарау – қастерлі парыз. Әсіресе, аялы алақанымен, ақыл-парасатымен әрбір үйді шуаққа бөлейтін аналардың орны ерекше. «Ана – Жер-Ана» – адамзат өркениетінің өзегі. Біз асқар тау әкелеріміздің табанды еңбегі мен ерен ерлігіне бас иіп, қадір тұтуымыз керек. Әр шаңырақта ырыс-ынтымақ болса, елімізде қарқынды дамиды.

Бұл – Әділетті және Қуатты Қазақстан құрудың аса маңызды шарты. Сондықтан мемлекет отбасы құндылықтарын кеңінен дәріптеп, ана мен бала құқығын қорғауға айрықша мән береді. Әр шаңырақ бақ-берекеге толсын! Барша отандастарымызға зор денсаулық, мол табыс тілеймін!», – деді Мемлекет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: t.me/aqorda_resmi).

Диалог алаңы:

БАҚЫТТЫ МЕКЕН

Алматыда отбасы институтының нығаюына, жас жанұялардың бірге бастаған өмірлерінің жалғасты болуына бағытталған маңызды әлеуметтік бастама – «Отбасым – бақыт мекенім» тақырыбында диалог алаңы ұйымдастырылды.



Суретті түсірген Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

Нұрлан
СҮЙІН

Алматы қалалық Қоғамдық даму орталығының бастамасымен өткізілген іс-шараның мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және жас отбасыларға қолдау көрсету. Диалог алаңына танымал спикерлер, психологтар, отбасылық коучтар және жас отбасылар келіпті. Мамандар – конфликтолог, психология ғылымдарының кандидаты, профессор Аманкелді Бақыт, кәсіби психолог Меруерт Әбішева, т.б. тақырыпты ортаға салып, келушілермен ой бөлісті. Жиынға қатысушылар бүгінгі күннің өзекті, әлеуметтік мәселесін талқылауға атсалысты.

«Отбасым – бақыт мекенім» жобасы отбасы мен қоғамның өзара байланысын нығайтуға, ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған маңызды қадам. Қоғамдағы әлеуметтік мәселені қозғаған диалог алаңының нәтижесі ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды ұлықтауға ықпал етеді деген сенім бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұржамал НҰРЛАНҚЫЗЫ,
отбасылық психолог,
Республикалық медиатор орталығының
эксперті:

Маңызды әлеуметтік бастама

Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасы ұйымдастырған іс-шараға отбасы мәселесі бойынша маман ретінде шақырылды. Өзім Алатау, Жетісу аудандары бойынша медиатор орталығының басшысы болғандықтан тәжірибемізде отбасылық конфликтерді шешуге, әрбір отбасын сақтап қалуға барымызды саламыз. Біздің қолдан келмеген нәрсе әрі қарай заң шеңберінде, сот арқылы шешілетіні белгілі. Бүгінгі өткізіліп отырған диалог алаңы сияқты іс-шаралар көбірек болса, жас отбасылардың сақталуына, кейбір түйткілді әлеуметтік мәселелердің оң шешілуіне ықпал етер еді. Бұл – маңызды әлеуметтік бастама дер едім.

СЕМИНАР

ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

Жетісу ауданында аналарға арналған тренинг ұйымдастырылды

Жетісу ауданындағы №108 мектеп-гимназиясында Отбасы күніне орай аудан тұрғындарына, әсіресе, аналарға қолдау көрсету мақсатында арнайы тренинг өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шараны Жетісу ауданы әкімдігінің қолдауымен «Отбасын қолдау орталығы» мен «Тең қоғам» орталығы бірлесіп ұйымдастырды. Оған ауданның түрлі әлеуметтік топтарынан келген 100-ге жуық ана қатысты. Тренинг барысында кәсіби коучтар мен психологтар қатысушыларға отбасы құндылықтары, ананың рөлі, бала тәрбиесі, жасөспіріммен тіл табысудың тиімді жолдары тақырыптарында пайдалы ақпараттар мен практикалық кеңестер ұсынды. Мамандар аналармен ашық әңгіме жүргізіп, сұрақтарына жауап берді. Топтық жаттығулар арқылы өмірлік қиын жағдайлардан шығу жолдарын көрсетті.

Іс-шараның басты мақсаты – отбасындағы тұрақтылықты нығайту, аналардың психологиялық әл-ауқатын арттыру және қоғамдағы белсенділігін көтеру. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай тренингтер қала бойынша Жетісу ауданында ғана өтіп жатыр. Бұдан кейін де тұрақты түрде



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

өткізіліп тұрады және әлеуметтік қолдау шараларының маңызды бөлігіне айналып отыр.

«Отбасы – қоғамның тірегі. Ал аналар – сол отбасының жүрегі. Сондықтан оларға көрсетілетін қолдау – болашақ ұрпаққа жасалған қамқорлық. Бұл шараны ұйымдастырып жатқан «Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығының ұжымы, сондай-ақ психология-

лық тренингтер өткізген мамандар мен психологтарға алғысымды білдіремін. Тренингте аналар мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынас психологиясы туралы маңызды ақпараттар ұсынды. Сонымен қатар, осы шараға қатысқан аналарға сертификаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Қазіргі таңда жасөспірімдер мен ата-аналардың арасында түрлі түсініспеушіліктер

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлсім КЕРІМБЕКҚЫЗЫ,
Жетісу ауданы Отбасын қолдау
орталығының жетекшісі:

Басты мақсатымыз – саналы ұрпақ тәрбиелеу

Осы бағытта Астана қаласынан келген психологтар мен психотерапевтер ауданымыздағы аналарға арнайы семинар өткізді. Жетісу ауданындағы психологтарға, мектептер мен қоғамдық қорлардың психологтарына арнап арнайы сабақтар ұйымдастырылды. Орталықтан қызмет алушы жүзге жуық ана тренингке қатысты. Бұл шаралар ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, олардың арасындағы психологиялық байланысты нығайту мақсатын көздейді. Осындай тренингтер арқылы біз аналарға өз балаларына дұрыс тәрбие беру мен қиын жағдайларда психологтың көмегіне жүгінудің маңызын түсіндіруге маңыз бердік.

мен қиындықтар туындап жатады. Біздің ертеңіміз – жастар. Ал олардың тәрбиесінде ананың рөлі өте маңызды. Сондықтан осындай тренингтерді ұйымдастыруды мақсат еттік. Мұндай іс-шаралар тек ата-аналарға ғана емес, бүкіл қоғамға пайдалы. Әрбір ана баласының болашағына үлкен әсер етеді, сол себепті олардың психологиялық тұрғыдан дұрыс бағыт-бағдар алуына жағдай жасау маңызды», – деді Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Данияр Әлкебайұлы.

ЭКСКУРСИЯ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

«OI-QARAGAI» тау курортында өткен демалыс балаларға да, ата-аналарға да ұмытылмас жарқын сәт сыйлады

Алматы маңындағы Бесқайнар ауылындағы табиғаты көркем «OI-QARAGAI» тау курортына мүгедектігі бар балалар мен олардың ата-аналарына арналған ерекше экскурсия ұйымдастырылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Бұл игі іс-шара Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының тапсырысы негізінде өткізілді. Жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылып, басты мақсаты – балалардың өмір сапасын жақсарту, оларды қоғамға бейімдеу және ата-аналарға моральдық қолдау көрсету.

Іс-шараға Алматы қаласының түрлі ауданынан 100-ге жуық бала және олардың ата-аналары қатысты. Ұйымдастырушылар қатысушылардың жайлы демалысы мен мен қауіпсіздігін басты назарға алды. Сол себепті, балалар мен ата-аналарға қала ішінен демалыс орнына дейін автобустар бөлініп, арнайы инвтакси қызметтері қарастырылды. Барлық қонақтарға қолайлы жағдай жасалып, олар алаңсыз серуендеп, демалыстың қызығын көрді.

Демалыс орнына келген балаларды түрлі ойын-сауық бағдарламалары күтіп тұрды. Аниматорлардың қатысуымен өткен қызықты ойындар мен жарыстар балалардың көңілін көтеріп, оларды жаңа достар табуға жетеледі.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Сонымен қатар, табиғат аясында серуендеу, аспалы жолға көтерілу, мұражайға экскурсия жасау секілді танымдық әрі көңіл көтеретін шаралар да ұйымдастырылды. Шаршаған сәттерде қатысушыларға арнайы түскі ас пен екі мәрте тіскебасар беріліп, күннің қуанышты әрі мазмұнды өтуіне барлық жағдай жасалды.

«Қолғанат» инклюзивті қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ардақ Шынтемірова іс-шараның мән-маңызына тоқталды. «Бұл жобаның әрбір сәті ерекше. Біз қаланың бірнеше ауданынан келген

балалардың табиғаты әсем жерде бас қосып, бірге шаттануына мүмкіндік жасадық. Балаларға қуаныш сыйлау – біздің ең үлкен мақсатымыз. Сонымен қатар, ата-аналарға да демалып, ортақ мәселелерін бөлісіп, тәжірибе алмасуға жағдай туып отыр. Мұндай бастамалардың жалғасқаны біз үшін маңызды, себебі бұл қоғамдағы инклюзивті орта қалыптастырудың айқын белгісі», – деді ол.

«Ұйымдастырушылардың қамқорлығы бізді қуантты. Баламыз ерекше әсер алып, шаттанып жүр. Мұндай де-

малыс балаларымызға үлкен демеу, болашағына сенім береді», – деді Наурызбай ауданынан келген ата-ана Айнұр Молдабекова да ризашылығын білдіріп.

«OI-QARAGAI» тау курортында өткен бұл бір күндік демалыс балаларға да, ата-аналарға да ұмытылмас сәттер сыйлады. Балалардың жүзінен күлкі, көзінен қуаныш байқалды. Әлеуметтік маңызы зор бұл бастама ерекше балаларды қоғамға бейімдеудің нақты қадамы болып, инклюзияны дамыту жолындағы игі үлгіге айналды.

ҚАУІПСІЗДІК

АЙНАЛАЙЫН, АБАЙЛА!

Жаңа оқу жылы басталысымен, жол-көлік қатынасына қатысты түрлі профилактикалық акциялар, іс-шаралар өткізіле бастайды. Өйткені, балалар көп жағдайда жолдан өткенде қауіпсіздік белгілеріне қарамастан, түрлі жағдайларға тап болып жатады. Баланың өмірі маңызды екенін ескерсек, мұндай шараларды жүргізушілердің де ескергені өте қажет.

Рая
ЕСКЕНДІР

ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаевтың айтуынша, балаларға қатысты жол апатының алдын алу үшін құқықтық ағарту, үгіт-насихат жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

– Жолда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кәмелетке толмағандарды жолдағы қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларына үйретуге бағытталған пәндерді оқытудың қазақстандық тәжірибесін басқа елдермен салыстырып көрдік. Мұның өзі біздің білім беру процесінде жол ережелерін оқыту курстарын қолдану тәсілдерінің айтарлықтай айырмашылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беріп отыр. Атап айтқанда, еліміздегі мектептерде жол ережелерін оқытуға бөлінген сағаттар саны болмашы ғана. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігі мектеп бағдарламаларында жол ережелері бойынша сабақтарды жеке міндетті пән ретінде енгізуді ұсынып отыр. Өйткені, оның артында балалардың өмірі тұр, – деді спикер.

ЛИЦЕЙ

ЖАМБЫЛ БАБА МЕКТЕБІ

күрделі жөндеуден өтті

Медеу ауданында орналасқан Ж.Жабаев атындағы №161 лицейдің қабырғасы 1935 жылы қаланған. Биылғы оқу жылында күрделі жөндеу мен сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізілген білім ұясы есігін қайта ашты.

Бұл оқу ордасының тарихы да, тағдыры да өзгеше. Ғимарат сонау сұм соғыстың да зардабын көрді. Жаралы жауынгерлерге пана болып, жарасына ем болды. Сол кезде атақты Жамбыл бабамыз өзінің қуатты жырымен рух бере келді. Жауынгерлерге отты өлеңімен жігер берді. Ақынның батасымен арқаланған азаматтар майданға қайта аттанып, Отанымызды жаудан қорғады.

Білім шаңырағы осынау ғасырға татитын тарихында талай күрделі белбелестен өтті. 1993 жылғы 23 тамызда Алматы қаласы Білім басқармасы бекіткен қалалық көпсалалы қазақ гимназиясы туралы ережесі негізінде жалпы гуманитарлық бағыттағы көпсалалы қазақ гимназиясы болып ашылса, 1999 жылғы 18 қаңтардағы №56 шешімі негізінде №161 қазақ гимназиясы мемлекеттік мекемесі болды. Алматы қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 25 тамыздағы №3/530 қаулысы негізінде «Жамбыл Жабаев атындағы №161 лицей» мемлекеттік мекемесі, ал 2011 жылғы 6 қазандағы №3/670 қаулысы негізінде «Жамбыл Жабаев атындағы №161 лицей» коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемесі болып өзгертілді.

Бұл күні аталмыш лицейде 536 оқушы ана тілінде білім алады. Лицейде



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

оқу кабинеттері, Мәжіліс залы, асхана, кітапхана, медициналық кабинет бар. Бұған қоса, биология, химия, физика, музыка, технология, лингфонды-мультимедиялық, информатика бөлмелері, мата өңдеу және технология шеберханасы, металл, ағаш өңдеу және технология пәніне арналған кешенді шеберхана ашылған.

Лицейдің педагогикалық құрамында 49 мұғалім, оның ішінде педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сауапшы, педагог-модератор және басқа да жас мамандар бар. Күрделі жөндеуден кейін оқушылар таза және жарық ғимаратта білім алуына қолайлы жағ-

дайлар жасалған. Бейнебақылау жүйесі бойынша лицейде 23 сандық бейне камера, өртке қарсы қауіпсіздік жүйесі орнатылған. Лицейдің ауласын абаттандыру жұмысын «Jetysu mugedektigi bar azamattar birlestigi» корпоративі жүргізді.

Мектептің ашылу салтанатынан кейін осынау білім шаңырағын ұзақ жыл басқарған ҚР Білім беру ісінің үздігі Есімхан Қанағатов атындағы кабинет ашылды. Ардақты ұстаз туралы көзкөргендер мен шәкірттері тебірене еске алды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

«ДосболLIKE» жобасы:

БАЛАҒА ҚАЛАЙ СӨЙЛЕУ КЕРЕК?

Бағдарлама құндылықтары – азаматтық жауапкершілік, және өзара сыйластық пен серіктестік

2025 жылдан бастап еліміздің мектептерінде жаңа «ДосболLIKE» бағдарламасы қолға алынды. Бұл жоба балалардың психо-эмоционалдық әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Біз осы тақырып төңірегінде «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты зерттеу зертханасының жетекшісі Ирина КАЛАЧЕВАМЕН сұхбаттасқан едік.

– Алдымен, «ДосболLIKE» бағдарламасының мәні мен мақсатына тоқталсаңыз. Бұл қандай жоба?

– «ДосболLIKE» бағдарламасы негізінде біз әлеуметтік-эмоционалдық оқыту идеяларын қарастырамыз. Мұндағы басты мақсат – балаларды әлеуметтік құзыреттілікке үйрету. Бұл – жағымсыз эмоцияларды басқару, құрдастарымен және ересектермен өзара тиімді қарым-қатынас орнату, табандылық пен өзін-өзі бақылауды қалыптастыру, ойлау мен мінез-құлықты басқару дағдыларын дамыту. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары дамыған балалар достық қарым-қатынастарды оңай орнатады және қолдайды, мұғалімдермен жағымды диалог бастайды, өз мәселелерін еркін талқылайды, танымдық белсенділік танытады. Олар сезімдерін басқаларға айта алады, өзін-өзі бақылау дағдыларына ие болып, келіспеушілік кезінде сыныптастарының пікірін құрметтейді, сыныптық іс-шараларға белсенді қатысады және әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысады. Бағдарламаның тиімділігі сынып ұжымдарындағы әлеуметтік-психологиялық ахуал мен қарым-қатынас мәдениетінің жақсаруы, үлгерімдегі оң өзгерістер, құқықбұзушылықтар мен эмоционалдық күйзелістердің азаюы арқылы бағаланады. Әсіресе, әлеуметтік осал топтағы оқушыларға бұл бағдарлама ерекше әсер етеді: агрессия деңгейі төмендеп, үлгерім артады, қарым-қатынас жақсарады.

– Бағдарлама буллингтің алдын алу үшін қандай жүйелі тетіктерге сүйенеді?

– Буллингтің алдын алу мақсатында кез келген білім беру ұйымында ұйымдастырушылық шаралар іске асады. Атап айтқанда, антибуллингтік командаларды құру, ықтимал жанжал аймақтарын анықтау, педагогикалық ұжымға арнайы тренингтер өткізу маңызды. Сонымен бірге, педагогтарға буллинг жағдайына әрекет ету бойынша



(Сурет: автор)

семинарлар мен вебинарлар өткізіледі. Мектеп қызметкерлері – техникалық персонал, медбикелер, асхана қызметкерлері – оқушылар арасындағы агрессия көріністеріне дайын алгоритм бойынша әрекет етуге үйретіледі. Педагогтардың біліктілігі артады, балаларды буллинг жағдайында өзін ұстауға үйрету жұмыстары жүреді.

Балалар сенімді ересекке жүгінуді, эмоцияларын білдіруді және топ ішінде қолдау көрсетуді меңгереді. Бұл тәсіл оқушылар арасындағы агрессияны азайтып, қарым-қатынасты оңтайландырады.

– Аprobация кезінде қандай нәтижелер тіркелді?

– Бағдарламаның аprobациясы Қазақстанның 9 өңіріндегі 50 пилоттық мектепте өтті. Нәтижесінде әлеуметтік-психологиялық ахуал айтарлықтай жақсарды. Антибуллингтік командалар тиімді жұмыс істей бастады. Буллинг жағдайлары 1,5% -ға азайды. Педагогтар буллингі дер кезінде анықтап, жылдам әрекет етуге дағдыланды. Ата-аналармен байланыс нығайды.

Сауалнама мен бақылау қорытындысына сәйкес оқушылардың мектепті қауіпсіз орта ретінде қабылдауы арты, көмек сұрау жағдайлары көбейді, алдын алу шараларына ата-аналар мен оқушылар белсенді араласты.

– Бағдарлама ата-аналар мен педагогтарды қалай біріктіреді?

– Ата-аналардың рөлі – өте маңызды. «Ақпараттық-ағартушылық блок» арқылы ата-аналарға бейнероликтер көрсетіліп, нақты жағдайлар талқыланады. Чаттар мен жадынамалар арқылы пайдалы ақпарат жеткізіледі.

Сонымен қатар, «Ата-аналарды баланы қолдауға үйрету» бағыты бар. Онда тренингтер, воркшоптар, педагогикалық орталықтардағы сабақтар өткізіледі. «Балаға қалай сөйлеу керек, ол мәселесін айтуға қорықпайтындай болу үшін» атты арнайы сабақтар бар.

– «ДосболLIKE» атауының артында қандай идея жатыр?

– Бұл атау достық пен ынтымақтастықты насихаттайды. «LIKE» символы – мектепте достасуға, жылы қарым-қатынас орнатуға ұмтылған әрбір балаға берілетін қолдау белгісі. Бағдарламаның құндылықтары – патриотизм, азаматтық жауапкершілік, үлкенге құрмет, өзара сыйластық пен серіктестік.

– Бұл бағдарлама білім беру жүйесіне тұрақты құрал ретінде қалай енгізілмек?

– Бағдарлама аясында педагогтар мен мектеп қызметкерлеріне тренингтер, семинарлар өткізіледі. ЭЭО элементтері сынып сағаттарына, факультативтерге енгізіледі. Оқушылардың сенім деңгейін арттыру үшін сенім жәшіктері мен анонимді желілер жұмыс істейді. Сонымен бірге, «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында «ДосболLIKE» ерекше орынға ие. 1-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі оқушылар үшін арнайы 4 сабақ енгізілген.

– Бағдарлама балалардың әл-ауқатын қалай өзгертті?

– Әзірге пилоттық мектептердің тәжірибесіне сүйенсек, сабақтар мен жобалық қызмет барысында оқушылардың эмоцияларын басқару, эмпатия, зорлықсыз қарым-қатынас дағдылары дами бастады. Оқушылардың белсенділігі артты, «Жақсылық жаса», «Мейірімділік апталығы» сияқты акциялар өткізілді. Әлеуметтік желілерге бейнероликтер, плакаттар дайындалды. «Медиация клубы» арқылы жанжалды шешу мәдениеті қалыптасты. Жоғары сынып оқушылары кіші сыныптарға тәлімгерлік жасап, тренингтер мен ойындар ұйымдастырды. Бұл – мектептегі қолайлы ортаның нығаюына ықпал етті.

– Әңгімеңізге рахмет! Бағдарламаның табысты жүзеге асуына тілектеспіз.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Наурызбай ауданындағы №26 қалалық емханада қала тұрғындары үшін «Салауатты өмір – сау ұрпақ» атты Ашық есік күні ұйымдастырылды.

Іс-шара аясында тұрғындарға профилактикалық тексерулер жүргізіліп, дәрігерлік кеңес берілді. «Қазақстанда қыркүйектің екінші жексенбісінде Отбасы күні атап өтіледі. Дегенмен, біз тек бір күнмен шектелмейміз. Жыл басынан бастап медициналық профилактикаға байланысты жоспарлы жұмыстар жүргіземіз. Әсіресе, жасөспірімдер мен оқушылар арасында дәрістер, тренингтер, ата-аналарға ашық сабақтар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырдық», – деді жоғары санатты дәрігер-терапевт Светлана Фазылжанова.

№26 емхананың қамқорлығына Наурызбай ауданындағы бірнеше мектептер кіреді. Бұл білім мекемелерінде дәрігерлер маусымдық аурулардың алдын алу, дұрыс ұйқы мен тамақтану, тұмау мен инфекциялық дерттерден қорғану тақырыптарында тұрақты түрде дәрістер өткізеді.

Светлана Фазылжанованың айтуынша, емханада мультидисциплинарлық топ жұмыс істейді. Яғни жасөспірімдер мен жастарға қажет болған жағдайда терапевт, уролог, гинеколог, психолог секілді мамандар кешенді түрде қызмет көрсетеді. Медициналық тексерулердің ішінде флюорография, электрокардиография,



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қаннның клиникалық және биохимиялық сараптамалары жүргізіледі. Іс-шара барысында мамандар тек ауруды емдеумен шектелмей, оның алдын алудың маңыздылығына назар аударды.

– Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы, жол-көлік жарақаттарының алдын алу, отбасы құндылықтарын дәріп-

теу – біздің басты бағытымыз. Өйткені, 15 пен 34 жас аралығындағы жастар арасында түрлі әлеуметтік және медициналық қиындықтар жиі кездеседі. Сондықтан әр пациентке жеке көзқараспен қарау өте маңызды, – дейді дәрігер.

Сонымен қатар, дәрігерлер қазір балалар мен жастар арасында артериалдық

гипертония, қант диабеті, жүрек-қан тамырлары аурулары мен онкологиялық дерттердің белең алып отырғанын жасырмады. Әсіресе, тері аурулары мен әлеуметтік маңызы бар инфекциялар деңгейінің көтерілуі алаңдатарлық жағдай екені айтылды.

Ашық есік күні барысында келген тұрғындарға профилактикалық кеңестер беріліп қана қоймай, аурудың алдын алуға бағытталған түрлі әдістемелер таныстырылды. Мамандардың пікірінше, халықтың денсаулығын қорғауда мұндай іс-шаралардың маңызы зор. «Салауатты өмір – сау ұрпақ» ұранымен өткен іс-шарада тұрғындар тек медициналық көмек алып қана қоймай, дәрігерлермен еркін әңгімелесіп, көкейдегі сауалдарына жауап алды. Ал №26 қалалық емхана ұжымы болса, алдағы уақытта да мұндай шараларды жүйелі түрде өткізіп отыратынын мәлімдеді.

Бетті әзірлеген
Ернұр
РЫСБАЙ.



НАРЫҚ

Риэлторлық қызмет:

КӘСІПКЕР МЕ, ӘЛДЕ АЛАЯҚ ПА?

Тұтынушылар құқығын қорғау үшін заңнаманы қатаңдату керек

Кейінгі кездері Алматы мен Астанада «риэлтормын» деп алдаған алаяқтардың құрығына түскендердің оқиғасы жиі айтылады. Көп жағдайда олар әлеуметтік желіде немесе пәтер іздеуге арналған арнайы сайттарда арзан әрі әдемі пәтердің суреттерін жариялап, оның құнын нарықтағы бағадан төмен етіп көрсетеді. Пәтерді ұнатқан соң, тұтынушы риэлторға хабарласады. Делдал өз қызметі үшін алдын ала төлемді тезірек жасамаса, баспананы басқа адамға беретінін ескертеді. Арзан пәтерден айырылып қалмас үшін ойланбастан ақшаны алаяқтың есепшотына аударады. Артынша қайта хабарласқанда, телефон өшірулі болады. Түптеп келгенде, риэлторлық қызмет көрсету де кәсіпкерлікке жатады. Сондықтан онымен айналысу үшін міндетті түрде Жеке кәсіпкер немесе Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде тіркелуі керек.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Тұтынушы мен үй иесі арасындағы делдал

Осы айда пәтерді жалға алу бағасы өсті. Өйткені, Алматыға жыл сайын бұл уақытта еліміздің түкпір-түкпірінен студенттер мен жұмыс іздеген жастар ағылады. Жалдамалы пәтерге сұраныс артып, тамыз айының соңы мен қыркүйек айында баға 2-3 есеге дейін өседі. Мысалы, жақында қаланың ортасында орналасқан бір бөлмелі пәтерді жалға алу құны 300–350 мың теңгеге дейін көтерілген. Әдетте, мұндай жағдай басқа мезгілде байқалмайды.

Жатақханадан орын таппаған студенттер мен жастар жалға пәтер алу үшін риэлторлардың қызметіне жүгінеді. Риэлтор – жылжымайтын мүлік нарығында тұтынушы мен үй иесінің арасындағы делдал. Ол баспана іздеушінің талабына сай үй табуға көмектеседі. Әрине, бұл қызмет ақысыз болмайды, еңбегіне белгілі бір мөлшерде қаржы сұрайды.

● **Риэлторлық қызмет ХІХ ғасырдың соңында АҚШ-та пайда болған. Алғашқы кәсіби риэлторлар тұрғын үй нарығындағы делдал ретінде жұмыс істей бастады. 1908 жылы АҚШ-та Ұлттық риэлторлар қауымдастығы құрылып, осы мамандықтың кәсіби стандарттары бекітілді. Кейін Еуропада да бұл сала дамып, заңмен реттелетін кәсіби қызмет түріне айналды.**

Қазақстанда риэлторлық қызмет 1990 жылдары, нарықтық экономикаға көшкен кезеңде пайда болды. Кеңес дәуірінде тұрғын үй мемлекет тарапынан бөлінгендіктен, делдалдық қызмет қажет болмады. Ал нарыққа өту, жекешелендіру процесі басталған соң пәтер сату, сатып алу, жалға беру сұранысы артты. Содан бастап жеке риэлторлар мен агенттіктер құрыла бастады.

Көңілінен шығатын тұрғын үй мен қолжетімді баға табылмаған соң, тұтынушы риэлтордың көмегіне жүгінгісі келеді. Алайда, бүгінде сенімді риэлтор табу оңай емес. Елімізде жылжымайтын мүлікті сататын не жалға берумен айналысатын агенттіктер көбейгенімен, олардың бәрінде бірдей заңды сертификат жоқ. Қазақстан Риэлторларының біріккен қауымдастығының мәліметінше, елдегі осындай 2 мың компанияның тек 15-інде ғана ресми сертификат бар болып шықты. Ал ірі келісімдер жасайтын мамандардың жүзден бірі ғана арнайы жоғары білім алған.

«Нарықта тек нақты баға өтімді»

10 жылға жуық жылжымайтын мүлік нарығында жұмыс істейтін Әлия Жетпісқызы азаматтарға ресми тіркелген риэлторлық агенттіктерге жүгінуге кеңес береді. Ал тұтынушыны алдап, қалтасын қағатындар көбіне ресми тіркеуі жоқ делдалдар. Осы орайда тәжірибелі риэлтор өз жұмысының қыр-сырын бөлісті.

«Әдетте бізге адамдар сатып алу, сату немесе жалға алу мәселесімен хабарласады.



Коллажты жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

Барлығы келісім-шарт арқылы жүргізіледі. Жалға алу жөнінде көмек сұраса, пәтерді табудан бастап, нотариусқа дейін құжаттарды рәсімдеп береміз. Заң аясында рәсімделіп, мұқият тексеріледі. Біз комиссия ретінде шамамен 30 пайызын аламыз. Бірақ студенттердің жағдайын түсініп, кейде 15 пайызбен де шектелеміз», – дейді маман.

Оның айтуынша, тұтынушыға пәтер таңдау кезінде бірнеше нұсқа ұсынылады. Ұнағанын көруге барған соң арнайы акт жасалады. Пәтер иесімен де келісім-шартқа отырып, белгілі бір мерзім ішінде бағаны өзгертпей, депозиттің тұрақты сақталуын, үйді келісілген күйде тапсыру міндеттеледі.

Риэлтор нарықтағы бағаның дәл осы кезеңде шектен тыс өсу себебін де түсіндіріп берді.

«Бағаның өсуі қашанда болған, бола да береді. Бұл ең алдымен тұрғын үйлердің құнына байланысты. Егер белгілі бір тұрғын үй кешенінде бастапқы жалдау бағасы жоғары болса, басқа аудандардағы жалдау құны да соған қарай көтеріледі. Сонымен қатар, баға орналасқан ауданға тікелей байланысты. Мысалы, Медеу мен Бостандық аудандарындағы «алтын квадраттағы» пәтерлердің

жалдау ақысы қымбат, ал шеткі аудандарда арзанырақ келеді. Қазір бұл бағаларды ешкім ресми түрде реттемейді. Әрбір пәтер иесі мүлкін өзі қалаған бағамен жалға береді», – дейді ол.

Әлия Жетпісқызының айтуынша, кейбір пәтер иелері үйіне қымбат жиһаз қойғанын алға тартып, бағасын шарықтатып жібереді. Бірақ нарықта тек нақты баға өтімді.

«Мен жұмысымды әрқашан ашық жүргіземін. Барлығы келісім-шарт арқылы рәсімделеді, салық төленеді. Тұтынушылардың көбі кейін қайта оралып, тағы да қызметіме жүгініп жатады. Біз Риэлторлар қауымдастығында арнайы оқудан өтеміз, тәжірибе алмасамыз. Бірақ өкінішке қарай, барлық риэлтор қатаң бақылауда емес. Әсіресе, жарнама платформаларында артық баға қойылып, әр апта сайынғы жарияланым үшін қымбат ақы төленеді. Бұл да тұрғын үй бағасының өсуіне әсер етеді. Ал біз өз тарапымыздан әлеуметтік желілер арқылы жарнамалап, шығынды көбіне өзіміз көтереміз. Тұтынушылардың құқығын қорғап, кәсіби риэлторлардың беделін арттыру үшін заңнаманы қатаңдату қажет», – деді Әлия Жетпісқызы.

МАМАН ПІКІРІ

Венера НҰРҒАЛИҚЫЗЫ, заңгер:

Барлық келісім жазбаша рәсімделуі тиіс

Елімізде риэлторлық қызметті нақты реттейтін арнайы заң жоқ. Биыл сәуір айында «Риэлторлық қызметті реттеу туралы» заң жобасы Парламентке ұсынылған болатын. Алайда, бұл жоба әлі қабылданған жоқ, қаралу сатысында. Қазір жылжымайтын мүлік саласында риэлтор мен тұтынушы арасындағы қарым-қатынас көбіне азаматтық-құқықтық келісім-шарт арқылы реттеледі. Міндетті түрде тараптар арасында жазбаша келісім-шарт жасалуы тиіс. Онда көрсетілетін қызметтің нақты түрі, төлем ақысының көлемі мен тәртібі, екі тараптың міндеттері мен құқықтары толық жазылуы қажет. Риэлтормен жасалатын келісім-шартқа аса мұқият болған жөн. Кейін қандай да бір дау-дамай туындаған жағдайда, азаматтар тек жазбаша келісім арқылы құқығын қорғап, сотқа жүгіне алады. Егер келісім болмаса, дәлел келтіру қиынға соғады.

Өз тәжірибемде мынадай жағдай кездескен еді. Жылжымайтын мүлік иесі өз пәтерін жалға беру үшін риэлторға жүгінеді. Бірақ риэлтор келісім-шарт жасамай, сол мүлікті өзінің жеке мүддесіне пайдаланып, үшінші тұлғаға жалға беріп жіберген. Мүлік иесі бұл жағдайда заң алдында қорғай алмай, біраз уақыт әуре-сарсаңға түсті. Себебі, тараптар арасында ешқандай жазбаша келісім болмаған.

Кез келген қызметке жүгінсеңіз де, шарттарды заңды түрде бекітіп, өз құқығыңызды сақтауға мән беру қажет. Құжатты мұқият оқып, түсінбеген жерлерді нақтылап алыңыз. Барлық келісім ауызша емес, жазбаша түрде рәсімделуі керек. Егер қандай да бір күмән болса, заңгердің көмегіне жүгінген жөн.



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Лариса СТЕПАНЕНКО, Қазақстанның өзін-өзі реттейтін риэлторлар қауымдастығының президенті:

Адал риэлторлардың тізімі жасалады

Қауымдастықтың негізгі мақсаты – елімізде ашық жылжымайтын мүлік нарығын қалыптастыру. Қазір тұтынушылардың құқығын қорғап, мамандардың кәсіби деңгейін арттыру және халықаралық тәжірибені енгізу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Алаяқтықтан қорғану үшін мемлекеттік органдармен бірлесе әрекет етеміз. Адал риэлторлардың тізімін жасап, халыққа заңсыз әрекеттердің белгілерін түсіндіреміз. Мұндай шаралар тұтынушыларға тек сенімді мамандармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді деп ойлаймын. Қауымдастық Этикалық кодекс пен Ұлттық кәсіби стандартты қабылдап, 2021 жылдан бастап қолданысқа енгізді. Ұжым мүшелері осы талаптарды қатаң сақтауға міндетті. Егер қандай да бір құқықбұзушылық болса, тұтынушылардың шағымдары қаралып, тәртіптік шара қолданылады. Сонда ғана риэлторларға деген сенімді арттырып, даулы жағдайлардың алдын алуға сеп болады.

Алматы – Қазақстандағы ең белсенді әрі қарқынды дамып келе жатқан жылжымайтын мүлік нарығы. Мұнда жаңа тұрғын үйлердің құрылысы белсенді жүріп жатыр, сонымен қатар екінші нарықтағы пәтерлерге де сұраныс жоғары. Себебі, олардың бағасы мен коммуналдық төлемдері қолжетімді, ал кей тұрғындар жаңа үйлердің сапасына күмәнмен қарайды. Дегенмен, нарық жалпы экономикалық ахуалға тікелей тәуелді: валюта бағамының өзгерісі, ипотекалық мөлшерлемелер мен мемлекеттік бағдарламалар сұранысқа бірден әсер етеді. Тұтынушы тек құжат рәсімдеуге көмектесетін маманды емес, құқықтық, қаржылық және бағалау саласында да терең білімі бар кәсіби кеңесшіні күтеді. Осы мақсатта Қауымдастық тұрақты түрде оқу семинарларын, біліктілікті арттыру курстарын және аттестация өткізеді. Жақында арнайы оқу бағдарламалары мен сертификаттау жүйесін енгізуді жоспарлап отырмыз.





«АДАЛ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ

Антикоррупциялық қызмет:

БІРЫҢҒАЙ 1424 CALL-ОРТАЛЫҒЫ

қоғамды жемқорлықтан арылтудың тиімді құралы

Алматыдағы Принтмедиа технологиялар колледжінде жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған маңызды жиын өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

«Адал ұрпақ» жобасы аясында ұйымдастырылған бұл семинарды «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қоры қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесе өткізді. Басқосудың басты тақырыбы – «Жастардың жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы рөлі».

Жемқорлық – қоғамның дамуына кері әсерін тигізетін қауіпті құбылыс. Сондықтан оған қарсы тұруда ең алдымен жас буынның ұстанымы мен көзқарасы маңыз-

ды. Осы тұрғыдан алғанда білім беру мекемелерінде өткізіліп жатқан мұндай кездесулердің мәні ерекше.

Семинарға колледж директоры, тәжірибелі педагог Гүлзада Абдуллаева, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Бекнұр Қисықов және мониторингтік топ өкілі Алмат Әділбаев қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

– «Адал ұрпақ» жобасының басты мақсаты – жастар арасында жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін арттыру, руханият пен адамгершілікті нығайту, білім беру орындарындағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрін түбегейлі жою. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар қызметіне азаматтық бақылауды күшейту арқылы жас ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру. Бұл – келешек

қоғамның әділетті дамуы үшін аса қажет қадам, – деді Гүлзада Абдуллаева.

Оның сөзін жалғастырған Бекнұр Қисықов жастардың белсенділігін ерекше атап өтті: «Жемқорлық – бүгінгі қоғамдағы ең өзекті проблемалардың бірі. Бұл құбылысқа қарсы күрес жүйелі тәсілдерді, кешенді әрі батыл қадмдарды қажет етеді. «Адал ұрпақ» жобасы жастардың бастамаларына барынша қолдау көрсетіп, азаматтық белсенділіктің дамуына қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Біз жастардың кез келген игі бастамасына қолдау көрсетуге дайынбыз», – деді ол.

Ал Алмат Әділбаев жастардың пікірін тыңдаудың маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, пікір білдіріп, ұсыныс жасай алатын белсенді орта қалыптастыру – жобаның басты жетістігі.

Іс-шара барысында колледж студенттері де белсенділік танытып, сұрақтарын қойып, ойларын ашық жеткізді. Кейбірі сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы пікір білдірсе, енді бірі қоғамдағы әділдікті орнатуға әркімнің қосатын үлесі бар екенін атап өтті. Мұндай диалог алаңдары жастардың азаматтық жауапкершілігін арттырып қана қоймай, олардың қоғамдағы рөлін сезінуге септігін тигізетіні анық.

Кездесу соңында қатысушыларға Антикоррупциялық қызметтің бірыңғай 1424 call-орталығы жайлы ақпарат берілді. Аталған нөмір арқылы кез келген азамат кеңес алып, жемқорлық деректері бойынша хабарлама жасай алады. Бұл – қоғамды жемқорлықтан арылтудың тағы бір тиімді құралы.

КОЛЛЕДЖ



«ОТБАСЫЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТ»

қаржылық сауаттылық тренингі

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын және «Отбасы күні» аясындағы жалпықалалық жоспарды жүзеге асыруда. Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжінде «Отбасылық әл-ауқат» қаржылық сауаттылық тақырыбында тренинг өткізілді. Қаржылық сауаттылық – әр адамның өмірінде маңызды рөл атқаратын дағды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қаржы саласындағы білімдерін кеңейту, жеке бюджетті жоспарлау, артық шығыннан аулақ болу және қаржылық қауіпсіздік ережелерін түсіндіру болды.

Тренинг барысында келесі тақырыптар қозғалды:

- Ақша деген не және оны қалай дұрыс басқаруға болады;
- Бюджет құру және жинақ жасау жолдары;
- Қарыз, несие, пайыз ұғымдары;
- Қаржылық алаяқтардан қорғану әдістері;
- Цифрлық қаржы құралдарын (Kaspi банк қосымшалары) пайдалану ережелері. Қатысушылар интерактивті тапсырмалар мен өмірлік жағдайларға байланысты сұрақтар арқылы білімдерін бекітті. Пікірталас форматында өткен шара жастардың қызығушылығын оятып, саналы қаржыға деген көзқарасын қалыптастырды.

Қорытындысында, тренингке қатысушылар:

- ✓ Жеке қаржыны жоспарлаудың маңызын түсінді;
- ✓ Жинақ пен үнемнің құндылығын білді;
- ✓ Қаржылық жауапкершілік дағдысын қалыптастырды.

«Саналы қаржы – сенімді болашақ» қаржылық сауаттылық тренингінде ата-аналар, жас педагогтар және студенттер тапсырмаларды орындап, белсенділік танытты. Ұсынылған тапсырмалар қатысушылардың ұйымшылдығын, ынтымақтастығын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Тренерлерге қаржы сауаттылығы бойынша сұрақтар қойылып, нақты жауаптар қайтарылды.

Ж.С.ЖҮНІСӘЛИЕВ,
колледж директоры.

ОТБАСЫ КҮНІ

«АЛТЫН ШАҢЫРАҚ,
КҮМІС КЕРЕГЕ»Алматыда отбасы құндылықтары
дәріптелді

Еліміз 2013 жылдан бері қыркүйек айының екінші жексенбісінде Отбасы күнін атап өтеді. Бұл күні еліміздің әр аймағында отбасы құндылықтарын насихаттауға арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, жергілікті атқарушы органдар тарапынан үлгілі отбасыларға сый-құрмет көрсетіледі. Әуезов ауданында да ерекше мазмұнда мерекелік іс-шара өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мерекенің басты мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайту, жас ұрпаққа өнеге болар отбасыларды құрметтеу. Салтанатты іс-шара барысында шаңырақ көтергендеріне жарты ғасыр толған ерлі-зайыптыларға «Алтын шаңырақ», 25 жыл болған жұптарға «Күміс кереге» марапаты табысталды. Сонымен қатар, мереке аясында жас жұбайлар заңды некеге тұрды. АХАЖ бөлімінің басшысы жас жұбайларға ресми түрде неке куәлігін тапсырып, жиналған қауым жаңадан бас құраған жас отау иелеріне ақ батасын беріп, бақыт тіледі.

«Біз үшін ең маңыздысы – өзара құрмет, сүйіспеншілік және шыдамдылық. Отбасымызда осы құндылықтарды ұстанамыз және балаларымызға да солай үйретеміз. Біздің жанұяда ешқашан ұсақ-түйек нәрселерге бола ренжісу болған емес. Бір-бірімізді түсініп, қолдау көрсетуге тырысамыз», – дейді «Күміс кереге» марапатының иегерлері Нұрғали мен Фарида Жүнісбековтер.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодекстің 96-бабы, 1, 2-тармағының негізінде 2025 жылғы 19 қыркүйектен бастап 20 жұмыс күні бойы esportal.kz сайтында «Баум тоғайы» табиғат ескерткіші аумағында Баум тоғайын дамыту және сақтау жобасы және Ормандағы санитарлық қағидалар негізінде 2026 жылы «Баум тоғайы» аумағында санитарлық кесілетін ағаштарға байланысты қоғамдық талқылау басталады.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Медеу» МӨТП» КММ Алматы қ., Амангелді көшесі, 68 А, БИН 000440002069, байланыс телефоны: 8 (727) 227-53-81, e-mail: kgumedeu@mail.ru.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Нұрлан СҮЙІН

Газет "Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті"
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»
әуе компаниясының бизнес-класс
бортында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

«АЛМАТЫ АЯЛДАМАСЫ»

жұрт қошеметіне бөленді

Алматыда қала күніне орай жоспарланған бірқатар мерекелік іс-шаралар жалғасып жатыр. 15 қыркүйек «Алматы аялдамасы» атты қала күніне арналған мерекелік мобильдік концерт ұйымдастырылды.



Дана
САДЫРҚАН

Қаланың әсем көшелерін арнайы безендірілген автобуста жүріп өтетін концерттік бағдарлама барысында Алматы туралы әуезді әндер шырқалды. Бұл шара барысында қала тұрғындары мен қонақтары тарихи көшелер мен маңызды мекен-жайлармен таныса отырып, этномәдени бағыттағы

концерттік қойылымдарды тамашалады. Жобаның мақсаты – Алматының бай тарихын насихаттап, мерекелік көңіл-күй сыйлау. «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әртісі Алма Аманжолова алматылықтар мен қала қонақтарын мерекемен құттықтады.

– Әуелі «Алатау» дәстүрлі өнер театрының қызметкерлері осындай ұсыныс тастадық. Қала әкімшілігі қолдап, әдемі автобуспен қаланың көрікті жерлері мен әдемі көшелерін аралап, алматылықтар мен қала қонақтарының көңіл-күйін көтеріп жүрміз. Құрметті алматылықтар және қала қонақтары! Сіздерді «Алатау» дәстүрлі өнер театрының атынан және жеке өзімнің атымнан ару қала – Алматы қаласы күнімен құттықтаймын! Алматы – жастықтың, махаббаттың, әсемдіктің белгісі. Алып шаһарымыз жасай берсін, жасара берсін! – деді әнші.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрболат ИСАЕВ,
«Алатау» дәстүрлі өнер театрының әртісі:

– Әсем қаламыз – махаббат пен өнердің ордасы. Биыл қала күні кең ауқымды түрде тойланып жатыр. Бұған мұрындық болған Алматы қалалық мәдениет басқармасына алғыс айтамыз. Өз өнеріміз бен әндерімізді халыққа паш еткен сәтте мың бояулы қаламыздың әдемі болып көркейе беретініне сеніммен қараймыз. Жұрт қалауы бойынша қазақтың халық әндері мен бүгінгі заманауи әндерді орындаймыз.



Шолпан ІЗБАСАРОВА,
тұрғын:

– Мерекелік іс-шаралар өте ұнап жатыр, сондай ризамын! Салт-дәстүрлерге негізделген концерттер жиі ұйымдастырылса екен деймін. Ал қазақы нақыштағы киімдер көздің жауын алады. Мұндай мерекелік жиындарға белсенді қатысуға тырысамын. Қазақстан жасай берсін! Қала күні құтты болсын!



САРБАЗ

ОТАН ҚОРҒАУ – ПАРЫЗЫҢ

Күзгі әскери шақырылымға жиырма екі мың жігіт алынады

Егемен мемлекеттің тәуелсіздігінің бір белгісі – қарулы күштері. Биыл ҚР Президентінің Жарлығымен әскерге алудың күзгі шақырылымы бір ай бұрын басталған болатын. Осы жылдың 31 желтоқсанына дейін созылатын күзгі шақырылымда 18 бен 27 жас аралығындағы жиырма екі мың сарбаз сапқа тұруы керек. Әскерге медициналық комиссиядан өткен, денсаулығы жарамды ер-азаматтар ғана алынады.

Сарбаздарды сапқа тартудың жалпы ережелері мен тәртібі қалай жүзеге асады? Отан алдындағы борышын өтегісі келетін жас ұлан қандай жаңа ережелермен таныс болуы керек? Төменде біз осы сауалдар төңірегінде бірқатар маңызды деректерді топтастырдық.

Кімдер әскерге барады?

Әскерге 18 бен 27 жас аралығындағы ер-азаматтар шақырылады. Үміткерлер міндетті түрде медициналық комиссиядан өтіп, денсаулығы жарамдылығы расталуы тиіс. Әскери қызмет мерзімі – 12 ай.

Кімдер шақырылмайды?

Денсаулығына байланысты жарамсыз деп танылғанда; Үш және одан да көп баласы барлар; Отбасында жалғыз

асыраушы азаматтар; Жалғыз ұл әрі жалғыз асыраушы болып отырғандар.

Жаңа тәртіп

Биылдан бастап шақыру қағазы қолма-қол берілмейді. Оның орнына электронды шақыру жүйесі енгізілді. Хабарлама әскерге шақырылушының ұялы телефонына немесе электронды поштасына жіберіледі. Бұл – жастардың уақытылы келуін қадағалаудың жаңа тәсілі.

Жауапкершілік

Міндетті әскери қызметтен себепсіз жалтарғандар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. ҚР Қылмыстық кодексінің 387-бабына сәйкес:

1000 АЕК көлемінде айыппұл; 1 жылға дейінгі түзету жұмыстары; 400 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстар; 1 жылға дейінгі бас бостандығын шектеу жазасы қарастырылған.

Алайда, шақырылушы тергеу басталғанға дейін өз еркімен әскери комиссариатқа келсе, қылмыстық іс қозғалмайды.

Әскердегі қауіпсіздік

Сарбаздар арасындағы заң бұзушылық пен әлімжеттіктің алдын алу мақсатында әскери бөлімдерде бейнекамералы түйме жүйесін енгізу мәселесі қарастырылып жатыр.

Отан қорғау – теңдессіз даңқ

Отан қорғау – әр азаматтың қасиетті парызы. Бұл – мемлекеттің тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің кепілі. Әскер – тәртіп пен жауапкершілік мектебі. Мұнда жас сарбаз тек әскери машық қана емес, өмірлік тәжірибе жинайды. Командирлер мен офицерлердің қадағалауымен шыңдалған тәртіп, ұжымдық рух, бір-біріне деген сенім болашақ азаматтың мінезін қалыптастырады.

Бүгінгі жастардың армияға деген көзқарасы әртүрлі болғанымен, елдің қауіпсіздігіне үлес қосу – ортақ борыш. Әскерде алған тәжірибе олардың азаматтық өмірінде де пайдасын тигізеді: уақытты тиімді пайдалану, төзімділік, қиындыққа қарсы тұру, ортақ мүдде үшін күресу – бәрі де сарбазға тән қасиеттер.

Сонымен қатар, әскер қатарына бару жас жігіттің ата-анасы үшін де үлкен мақтаныш. Өйткені, олардың перзенті Отан алдындағы парызын өтеп, ел сенімін ақтайды. Бұл – ұлттық бірлік пен елдік рухты нығайтатын маңызды қадам.

Әскери қызмет – тек міндет қана емес, ол азаматтық борышты сезінудің, патриоттық рухты арттырудың айқын жолы. Сол себепті, Қазақстанның әрбір жас азаматы әскерге баруды міндеттен гөрі абырой, жауапкершілік ретінде қабылдауы қажет. Өйткені, ел қорғау – тек қару асыну емес, ең алдымен өз халқыңа, туған жеріңе адал болу деген сөз.

Әзірлеген
Нұрлан СҮЙІН.